QORDAI

ҚОРДАЙ ШАМШЫРАҒЫ

КОРДАЙСКИЙ МАЯК

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады


АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СЕНБІ 5 ҚЫРКҮЙЕК 2026 ЖЫЛ №70 (3547)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЛАОС ПРЕЗИДЕНТТЕРІ ШАҒЫН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Лаос Президентінің Қазақстанға жасап отырған алғашқы сапарын тарихи оқиға деп атады.



– Келесі жылы екі елдің арасындағы дипломатиялық қатынастың орнағанына 30 жыл толуын атап өтеміз. Бұл – үлкен веже. Елдеріміздің қарым-қатынасы достық сипатқа ие. Екі мемлекет халықаралық арена-да, ең алдымен, БҰҰ аясында тығыз жұмыс істеп отыр. Лаос мемлекеті біздің Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінде көтерген бастамаларымыз-ды қолдады. Ол үшін ризашылығымызды білдіреміз. Бұл – Сіздің Қазақстанға жасаған алғашқы сапарыңыз. Осы сапардың нәтижесі бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға екі ел үкіметтері белсенді түрде кіріседі деп ойлаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Лаосты Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктесі деп санайты-нын жеткізді. Сондай-ақ Лаос елінің экономикасы соңғы жыл-дары тұрақты өсіп келе жатқанына, әсіресе, энергетика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және туризм салалары бойынша зор нәтижеге қол жеткізгеніне назар аударды.

хонглун Сисулит достас қазақ еліне арнайы сапармен келуге шақырғаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты

– Президент мырза, сапар кезінде еліңіздің жан-жақты дамығанына, Сіздің басшылығыңызбен ауқымды өзгерістер жүргізіліп жатқанына куә болдым. Қазақстанға Лаос Президенті ретінде рес-ми сапармен келіп, Сізбен жүздесу – мен үшін зор мәртебе. Бұл сапар екіжақты қарым-қатынасымызға елеулі үлес қосатынына кәміл сенемін. Келіссөз бары-сында көптеген мәселені талқылап, өзара ынтымақтастықтың перспективті бағыттарын айқындаймыз әрі алдағы ортақ жұмысты ақылдасамыз деп ойлай-мын, – деді Лаос Президенті.

КҮЗГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ



БЕРЕКЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ ЕЛЕУЛІ БАСТАУЫ

Күз – диқан қауымы үшін жылдың ең жауапты әрі еңбегі еселенетін шағы. Көктемде жерге дән сіңіріп, жаз бойы маңдай терін төккен шаруаның нәтижесі дәл осы мезгілде таразыға түседі. Дала төсін дүбірге бөлеген комбайндар мен техникалардың тынымсыз қозғалысы – ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бір жылдық еңбегінің жемісін жинайтын берекелі кезеңнің келгенін аңғартады.

Қордай ауданында биылғы ауыл шаруашылығы маусымы жүйелі ұйымдастырылып, күзгі дала жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде. Шаруалар үшін басты міндет – өсірілген өнімді ысырапсыз жи-нап, қамбаға құйып, қысқы мал азығын жеткілікті көлемде дайындау. Осы бағыттағы жұмыстар бүгінде ауданның ауылдық округтерінде қарқын алып, егіс алқаптарында қызу тіршілік жалғасуда.

Ауыл шаруашылығы – табиғаттың мінезіне тікелей тәуелді, жауапкершілігі мол сала. Сондықтан әрбір гектардың өнімі, әрбір жиналған тонна – елдің ырыс-несібесі. Қордайлық диқандар да осындай үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, жиын-терім науқанын ұйымшылдықпен атқаруда.

Мал шаруашылығын тұрақты дамыту үшін сапалы әрі жеткілікті көлемде мал азығын дайындаудың маңызы зор. Осыған байланысты ауданда биыл мал азығын әзірлеу жұмыстарына ерекше мән берілді.

Аудан бойынша мал азығын дайындау мақсатында жалпы 36 276 гектар жер шабуға белгіленген. Оның ішінде 23 877 гектар – көп жылдық шөп, 3 066 гектар – бір жылдық шөп, 9 012 гектар – табиғи шабындық және 322 гектар – сүрлемдік жүгері алқабы.

Бүгінгі күнге көп жылдық шөптің бірінші, екінші және үшінші орымдары толық орылып, бір жылдық шөптің 3 066 гектары және табиғи шабындықтың 9 012 гектары толығымен шабылып, жиналды.

Мал азығын дайындауда белгіленген жоспардың орындалуы да көңіл қуантады. Аудан бойынша 356 мың тонна шөп дайындау жоспарланса, нақты дайындалғаны 367 мың тоннаға жетіп, жоспар 103,1 пайызға орындалған.

Сондай-ақ пішендеме жоспары 18,5 мың тонна болса, нақты дайындалғаны 19,8 мың тонна, яғни жо-спар 105,9 пайызға орындалды.

Сабан дайындау бойынша да көрсеткіш жоғары. Жоспарланған 75 мың тонна сабанның орнына 76,9 мың тонна дайындалып, межелі көрсеткіш 102,5 пайызға жеткізілді.

Мал азығының маңызды түрінің бірі – жем. Бұл бағытта да жоспар артығымен орындалған. Жоспар бойынша 49 мың тонна жем дайындау көзделсе, бүгінгі күнге 51,7 мың тонна әзірленіп, көрсеткіш 105,6 пайызды құрады.

Бұл сандардың әрқайсысының артында тынымсыз еңбек, уақытпен санаспай жұмыс істеген механизатор-лар мен шаруалардың маңдай тері жатыр. Қыс қамын жаздан ойлаған шаруалар мал қыстату науқанына қажетті жем-шөп қорын қалыптастыруды уақытылы ұйымдастырып, маңызды міндеттің үдесінен шығып отыр.

Қазір аудандағы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің алдында тұрған негізгі жұмыстардың бірі – сүрлем дайындау. Аудан бойынша жоспары 24 мың тоннаны құрайды. Бүгінгі күнге оның 9,4 мың тон-насы дайындалып, жоспардың 39,3 пайызы орындал-ды.

Сүрлем дайындау жұмыстары әлі де жалғасуда.

Күзгі жиын-терім жұмыстарының ең қызу кезеңі – егін жинау науқаны. Биыл аудан шаруалары картоп пен көкөніс алқаптарындағы өнімді жинауға кірісіп, бірқатар нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Ауданда 3 017 гектар картоп алқабы жиналуға тиіс болса, бүгінгі күнге оның 2 628 гектары алынып, өнім қоймаға жиналды. Бұл жалпы жоспардың 87,1 пайы-зы.

Жиналған картоп көлемі 63 072 тоннаны құрап отыр. Орташа өнімділік гектарына 240 центнерден айналуда. Бұл – жердің құнарын тиімді пайдала-нып, агротехникалық шараларды дұрыс жүргізудің нәтижесі.

Күзгі науқанның тағы бір маңызды бағыты – көкөніс жинау. Аудан бойынша жалпы 4 892 гектар көкөніс алқабы жиналуы қажет болса, қазіргі таңда оның 3 255 гектары жиналып үлгерді. Жиналған көкөністің жалпы көлемі 94 492 тоннаны құрап отыр. Орташа өнімділік гектарына 290,3 центнер шамасында.

Көкөніс дақылдарының ішінде қырыққабат, сәбіз және басты пияздың үлесі басым.

Қырыққабат бойынша 163 гектар алқаптың 151 гектары жиналып, өнімділігі гектарына 288,0 центнерді құрады. Жалпы 4 349 тонна өнім алынды. Бұл бағыттағы жұмыстардың орындалу деңгейі 92,6 пайызға жетті.

Сәбіз алқаптарында да жинау жұмыстары жалғасуда. Жоспарланған 152 гектардың 104 гекта-ры жиналып, гектарына орта есеппен 300 центнерден өнім алынған. Жалпы жиналған өнім көлемі 3 120 тон-на, орындалу деңгейі 68,4 пайыз.

Ал басты пияз бойынша аудан шаруалары 3 072 гектар алқаптан өнім жинауы тиіс. Қазіргі таңда оның 1 530 гектары жиналып, жоспардың 49,8 пайызы орын-далды. Гектарынан орта есеппен 315 центнерден өнім алынып, бүгінгі күнге 48 195 тонна басты пияз қамбаға түсті.

Бұл көрсеткіштер ауданның көкөніс шаруашылығының әлеуеті жоғары екенін аңғартады. Ең бастысы – өсірілген өнімді ысырапсыз жинап, оны сақтауға, өткізуге және тұтынушыға уақытылы жеткізуге мүмкіндік жасау.

Егіс даласында еңбек дүбірі басылғанша, соңғы өнім қамбаға құйылғанша, шаруаның маңдай тері ақталғанша жұмыс жалғаса береді. Алтын күздің әр күні – берекенің бір белесі. Қордайлық диқандардың бүгінгі еңбегі – ертеңгі тоқшылықтың, молшылықтың және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуының берік негізі.

Дайындаған Ж.ОМАРОВ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қымбатты **ДОСАЛИЕВ БОЛАТХАН ӘШМҰЛЫ!** Сізді бүгінгі келген сексен жас асқақ мерейтойыңызбен барша жиендеріңіз шын жүректен құттықтаймыз. Өмірдің талай асуынан асып, үлкен өнегелі жолдан өтіп, бүгін сексен деген сеңгірге аман-есен жетіп отырсыз. Сіздің бізге берген мерейлі батаңыз, ақыл-кеңесіңіз бен мейірімге толы жүрегіңіз – біз үшін үлкен мақтаныш. Әрқашан ортамызда күліп-ойнап, балалардың, немере-шөберелердің қызығы мен құрметіне бөленіп, ұзақ ғұмыр кешіңіз! Деніңізге саулық, шаңырағыңызға шаттық, бақыт пен береке тілейміз. Жүзіңізден әрқашан нұр кетпесін!



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Hong Kong Link Technology Kazakhstan LLC» (Гон Конг Линк Технолоджи Казахстан ЛЛС) ЖШС Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Тасқайнар балқыма шпаты кен орынын ашық әдіспен өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Тыңдаулар 15.10.2026 ж. сағат 15:00 Жамбыл обл., Қордай ауд., Ноғайбай а.о., Шарбақты а., Ноғайбай к., 31, клуб ғимараты мекен жайы бойынша өтеді. Онлайн қатысу үшін Qosyl кездесуіне қосылу керек: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=961321276609, Идентификаторы: 961-321-276-609.

Әсер ету аумағы – Жамбыл обл., Қордай ауд., Ноғайбай а.о., Шарбақты а..

Қосымша ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz , тел. +7 7172 24 72 80, +7 777 491 40 02

Әсер ету координаттары: 1. 43°09’45.5»СЕ 74°58’07.4»ШБ.

Учаскенің координаттары: 1. 43°07´7.35˝С.Е. 75°08´26.31˝Ш.Б. 2. 43°07´7.35˝С.Е. 75°04´47.46˝Ш.Б. 3. 43°08´50.40˝С.Е. 75°04´47.46˝Ш.Б. 4. 43°08´50.40˝С.Е. 75°08´26.31˝Ш.Б.

Бастамашы: «Hong Kong Link Technology Kazakhstan LLC» (Гон Конг Линк Технолоджи Казахстан ЛЛС) ЖШС, Астана қ., Бөгенбай Батыр даңғ., 24/2 үй, 52 п., пошта индексі 010000, БСН 181040033599, тел. +7 701 760 97 30, kzaskar777@gmail.com

Әзірлеуші: «Minerals Operating Ltd.» ЖК, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғ., 55/21, 164 кеңсе, БСН 200140900031, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Жергілікті атқарушы орган: «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ; s.agabek@zhambyl.gov.kz. Құжаттамалар Қоршаған орта және табиғи ресурстар деректерінің Ұлттық базасының https://ndbecology.gov.kz/ порталында және ЖАО-ның https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk сайтында, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде жарияланған. Барлық ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ порталында немесе s.agabek@zhambyl.gov.kz электронды мекенжай арқылы қабылданады.

ҚЫЗЫЛ КІРПІШ

32 теңгеден жеткізіп береді

Тел.: 87013172872

ҚҰБЫРЛАР САТЫЛАДЫ
d - 1м, 1,5м, 2м. Қақпақтар, түптер. Экскаватор мен манипулятордың қызметтері. «КамАЗ» - длинномер а/к, «МАН» а/к манипулятор жүргізушілер, слесарь қажет.
Жібек жолы к., 399 (ауыл-шаруашылық техника базасы). Тел.: 87789153526.

ҚЫЗМЕТТЕР
Тоңазытқыштарды жөндейді, үйге барады. Сапалы. Кепілдігі бар. Қордай а., Жібек жолы к., 197. Тел.: 87759090075, 87753838816.



ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

«КИИК» ЖШС-не (баспахана) баспагер және дизайнер қажет. Тел.: 87781233345

ЕЛ АЛҒЫСЫН АЛЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАР

... Адам баласы жақсылық жасап, алғысқа бөленіп жүрсе жақсы емес пе?

Басымызға іс түсіп, қиналған жағдайда қол ұшын берген адамды қанша ардақтасаң да аз болар... Үлкен қызым ауырып ем таппай, өте қиын жағдайда қалдық. Қызымның дерті жайлы аудандық ауруханаға бас дәрігеріне жеткіздім. Ол кісі бірден түсініп, дер кезінде көмек қолын созды. Қазір қызымның жағдайы оңалып келеді. Осы сәтті пайдаланып аудандық ауруханаға тізгінін ұстаған дәрігер **АПАЕВ ЭЛЬДАР ХУСЕЙНОВИЧ** және де Әлжан ана ауылдық учаскелік дәрігер **ШАЛТАБАЙ МӘДІБЕК АСХАТҰЛЫ** мырзаларға бүкіл отбасымның атынан алғысымыз шексіз. Кәсібіңізден нәсіп табыңыздар, ел алғысына бөленіп жүре беріңіздер дегім келеді.

Сәрсенғали Өмірзақ, зейнеткер,
Әлжан ана ауылы


ХАБАРЛАНДЫРУ

РҰҚСАТ БЕРІЛДІ!

Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Қордай орман-дарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қордай ауданының тұрғындарын ескертеді. 2026 жылғы 5 қыркүйектен бастап Жамбыл облысы аумағында бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жабайы құстарға аңшылық жасауға рұқсат етілді.

Аңшылық нысаны болып табылатын жануарлардың басқа түрлеріне аңшылық жасау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министірінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы №18-03/157 бұйрығымен бекітілген Аң аулау қағидасының 11 қосымшасына сәйкес аң аулауды өткізу мерзімдерінде жүргізіледі.

И.ИБРАИМОВ аңшылықтанытушы, «Қордай ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме» КММ.



АҢШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Көгершін, бөдене, үйрек, суыр, борсық, еліктің еркек төлдеріне аң аулау маусымы ашылды.

1 қарашадан бастап қырғауылды аулау ашылады (қанаттылар мен жұптұяқтылардың басқа түрлерін аулау ҚР аң аулау ережелеріне сәйкес ашылады).



ҚР аң аулау ережелерін бұзбауды сұраймыз!

Аң аулауға рұқсат алу үшін «Шу-Қастек» аң шаруашылығына қайырылуға болады, тел.: 87758744446.

Ю.СТРОКОВ, шаруашылық төрағасы


ҚҰРМЕТТІ ҚОРДАЙЛЫҚТАР! ХАБАРЛАСУДЫ СҰРАЙМЫЗ!

Былтыр аудандық басылым «Қордай жерінің дара тұлғалары» атты жинақ жарық көретіні туралы хабарлаған болатын. Аталмыш жинақ жақында баспаға беріледі. Осыған байланысты кітапқа ұсыныс білдірген азаматтар, тұрғындар төменде көрсетілген ватсап номерге хабарласуларыңызды сұраймыз!

Тел.: 8 702 173 57 37

ХАБАРЛАНДЫРУ

СЕРІКТЕСТЕР ІЗДЕЙМІЗ! Жеміс бағын ұйымдастыру үшін төрт адамнан тұратын бригада (құрамында агроном болуы шарт) қажет.
Жер учаскесі Екібастұз қаласының шетінде (саяжай аймағында), көл жағасында орналасқан. Аумақта тұрғын үйлер, электр желісі және жеке сумен жабдықтау жүйесі бар.
Жердің жалпы ауданы - 1300 гектар.
Байланыс телефоны: +77716662621



ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР Шолпан САБАНОВА

Газет 2012 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 12895-Г куәлік берілген

Бас редактордың орынбасары Жандос ОМАРОВ

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМ: Гаухар ЖҰМАБАЕВА бас бухгалтер

МЕНШІК ИЕСІ: «Қордай шамшырағы - Кордайский маяк» аудандық қоғамдық-саяси газеті» ЖШС

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдіруі міндетті емес
Жарнама мен хабарландырулардың мәтіні тіліне жарнама беруші жауапты
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз басып көшіруге болмайды
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды және авторлар қолжазбасы өңделеді
Көлемі 3 компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды
Кейбір суреттер интернет сайттарынан алынды
Ⓐ материалдың ақысы төленген

р/с KZ826010161000015589 БИК HSBKKZKX
МЕКЕНЖАЙЫ: Қордай ауылы, Төле би көшесі, 70.
Тел.: редактор, редактордың орынбасары: 4-51-63, жауапты хатшы және факс: 2-13-98, бухгалтерия: 2-27-08,
e-mail: mayak1932@mail.ru, сайт: mayak1932.kz

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет шығады: СӘРСЕНБІ, СЕНБІ
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Таралымы: барлығы - 5000 дана, қазақша - 2700 дана, орысша - 2300 дана.
«КИИК» ЖШС баспаханасында басылды: Қордай а., Төле би к.,106.